Бесін ас 15.35-16.00	Қолдарын сабындап жуып, сүлгіге сүрту дағдыларын пысықтау Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.40	Ойыншықтардың екіге бөлінген бөлшек карточкаларын үйлестіріп қосып жапсырту	Балалардың қалауы бойынша кітаптар таңдатып, ертегі оқып беру.		Ірі құрылыс заттарымен еркін ойындарды ойнауға жағдай жасау	
Серуенге дайындық 16.40-16.50	Киімдерін өздері кию дағдыларын пысықтау. Қатармен жүрді бекіту				
Серуендеу 16.50-17.50	«Төгілген жіптерді жылдам жина» қ/о Құммен ойындарды ұйымдастыру	Топпен және жеке баламен ойындар ойнау жағдайын жасау Еркін ойындар		«Ортамызда кім жоқ» қ/о Ауызшанұсқаумен пирамида сақиналарын ретімен қазығына кигізуді пысықтау	
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.50-18.30	Оқу жылының басталуына байланысты өзгерістермен танысытру				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 28.08.2023ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова_____

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Өз үйіңді тап

Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде –ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қояю. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.

Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді,жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

Жүгіріп қағып ал.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы1,5-2м) Тәрбиеші» Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

Құстың қауырсыны кімге барады.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан – жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады.

Жалауға қарай жүгір

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

Шарды ұста

Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек. Ойын жалғасады.

Күн мен жаңбыр

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Ұшақтар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Автобус

Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

Торғайлар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып, отырып, саусақтарымен еденді түрткізеді.Содан соң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін жұмады.Тәрбиешінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады.

Төгілген жіптерді жылдам жина

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші ортаға бірнеше үлкен орама жіптерді тарқатып тастап, бірнеше балаға ораманы алып жіптің ұшына жеткенше орап кел деп, өзі жіптің басын ұстап отырады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

«Ортамызда кім жоқ»

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланың біреуінің үстіне жабады-да балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ?
Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып , баланың атын айтады.
Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Қоян мен қасқыр ***(Тәрбиеші балалармен бірге)***

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Т ы р н а л а р - т ы р н а л а р

(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды

Жаз мезгіліндегі сауықтыру шаралары :

Салқын су құю

Салқын су құю процедурасын түскі ас алдында жаз мезгілінде жүргізген тиімді
Су құйыну үшін баланы легенге түрғызып, 5-10 см жоғарыдан басын суламай, иықтан бастап су құйылады. Мұнан соң баланың денесі әбден қызарғанша сүртіндіру қажет.
Су құйынуда ең алғашқы температура 31-32* С, әр 2-3 күн сайын төмендетіп 28-25* С – ға дейін жеткізіледі. Су құйынуды бақылау үшін «тіркеу дәптері» арналып, баланың келмеген күндері жазылып отыру тиіс.

«Ригалық әдіс»

Тұзды жолмен жүру. Бұл шынықтыруда 1,5-2 метрлік жұмсақ сүлгіні 10 % тұз ерітіндісімен сулап (100гр тұзды 1литр суға) балаға оның үстімен жүруді ұсынады. Сосын таза сумен аяқты жуады.

Жалаң аяқ жүру

Топта түкті кілемшенің (әр түрлі кілемшелер) үстінен, бүдірлі аяқ жолмен түскі ұйқыдан соң жүру.

Жалпақ табандылықтың алдын алу жұмыстары

Гимнастикалық орындықта,еденде отырып аяқты алға созып, қол аяқ үстінде, арқаны түзу ұстайды.
1. «Сәлеметсіз бе - сау болыңыз»
Табанмен әрі және бері қимыл жасау. (5-6 рет)
2. «**Иіліп сәлем бер»**
Аяқтың бармақтарын иілдіру және шалқайту. (8-10 рет)
3. «Үлкен бармақ өзінің кіші ағайындарымен ұрсып қалды»
Үлкен бармақты өзіне қарай қалған бармақтарды әрі қозғау. Егер қиын болса қолдың көмегімен жасау керек.

4. «Саусақтар ұрсып қалды -татуласты»
Аяқ ұшын жан-жаққа қарату, сосын бір-біріне жинастыру. (3-4рет)
5. «**Өкшеұрсыпқалды да татуласты»**
Өкшелердіалшақұстау, сосын жинастыру.(3-4рет)
6. «Қазсеруенгешықты»
Табанеденде,бармақтарды бүгіп табанмен алға жүру . (2-3рет)
7. «Шеңберлер»
Аяқсозылған. Табанды ішке созып сыртқа дөңгелете қозғалту. (5-6 рет)
8. «Кірпі»
Үгу добына табанды тіреп отыру. Допты қатты басып өкшеден аяқ ұшына және кері жылжыту. (8-10 рет)

«Бекітемін»
«Жүрсінай» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Ж.Д.Мынжасарова_____
2022-2023 ж



Ортаңғы жас «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» топтары
Жазғы сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары

2022-2023оқу жылы

Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары

Ісшаралардыңатаулары, мазмұны	**Өткізумерзімі**
Маусым айы 1апта	
«Балаларды қорғау»күнімерекесінұйымдастыру: - балаларшығармашылығынан концерт; - асфальтқасурет салу	1.06
Әр түрлі көлемдегі доптармен ойындар	2.06
Маусым айы 2апта	
Дәстүрліемессуреттехникасыменсурет салу.	5.06
Қамалдар жасау, су шашу ойындары	6.06
Бақ-бақ гүлдерін теру. Жел ескенін бақылату	7.06
Музыкалық іс шара «Жайдары жаз»	8.06
Ертегі шаңырағы: «Түлкі мен тырна» тамашалау	9.06
Маусым айы 3 апта	
Шырайгүл және барқытгүлді тану, бақылап салыстыру. Дидактикалық ойын «Сыңарын тауып қос»	12.06
«Тамшылар». Дәстүрліемессуреттехникасыменсурет салу.	13.06
Желілі ойын «Бөпешім» Бөпені шомылдыру, киімін кигізіп, әлдилеп ұйқытатуды ұйымдастыру.	14.06
Қуыршақ театры«Ешкі мен қасқыр» ертегісін қуыршақ театры арқылы тамашалату, әсерлендіру	15.06
«Табиғаттағы еңбек» Ағаштарға су құйғызу, жапырақтарын тамашалату	16.06
Маусым айы 4 апта	
Ашылып жабылатын, құрастырмалы заттарды құрастыру бойына, көлеміне қарай топтастыруды қалыптастыру	19.06

Балалабақшадажәнеүйдежеке бас тазалығынсақтауутуралыәңгімелесу. Медициналықкабинеткесаяхат.	20.06
Құстар «Балапан» (тауық, үйрек, қаз балапандарының біреуі) қимылын бақылату, оған жем су беруді ұйымдастыру	21.06
Музыкалық іс шара «Гүлдестелі ханшайым»	22.06
Үй жануарлары:Қозы мен лақты салыстыру	23.06
Маусым айы 5 апта	
Шебер қолдар:Түрлі жануарларды құрылыс материалдарынан құрастырудыүйрету	26.06
Денсаулық іс – шарасы: «Су патшалығына саяхат» мерекелік қойылымдар өткізу	27.06
Үй жануарлары «Лағым» куту, су беру, еркелетіп ойнауды қалыптастыру	28.06
Қуыршақ театры «Шалқан » ертегісін сахналату	29.06
«Көңілді доп» үйірмесінде«Ақ доп, қызыл доп» атты ойындарды ұйымдастыру	30.06
Шілде айы 1 апта	
Шебер қолдар өнері: түймеленетін, бауланатын бұйымдарды түймелеуді, баулауды пысықтау	3.07
Үй жануарлары: Күшікке бақылау жасату, тамақтандыру, ойнату.	4.07
Музыкалық іс шара «Астана – бас қала»	5.07
«Көңілді доп» үйірмесі:«Допты дәлдеп лақтыр» доппен түрлі ойындар өткізу	7.07
Шілде айы 2 апта	
Ұлттықойындарфестивалі. «Орамалтастамақ», Сақина салу, Асық ату ойындарын үйрету	10.07
Құммен, сумен ойындар: хауыздағы (бассейіндегі) сумен ойындар ұйымдастыру	11.07
Табиғат ауа райы: Күн шұғыласын айна арқылы бақылау, әңгімелету, құып ойнату	12.07
Денсаулық іс-шарасы:«жалпақ табандылықты түзету жұмыстарын өткізу	13.07
Ертегі шаңырағы: Киіз үйден немесе робаттардан (электронды құрал) ертегіні тыңдату	14.07
Шілде айы 3 апта	
Денсаулық іс-шарасы.«Ұлы дала баласы» спорттықсайысынұйымдастыру.	17.07
Желілі ойындарды « Дүкен» , «Аспаз», «Емхана» ұйымдастыру	18.07
Таныс ертегілерді қайталату, сахналау. Көркемшығармаоқып беру (немесеүзіндіоқу).	19.07

Гүлдерге су құйғызу, гүлдерді тамашалату	20.07
Дидактикалық ойын« Жұбын тап». Доппендербес ойындар ойнату	21.07
Шілде айы 4 апта	
Шебер қолдар.Қағаздан кемені жылдам құрастыруға жаттықтыру	24.07
Қимылды ойын. «Қоян мен қасқыр», «Соқыр теке», «Айгөлек».	25.07
Құстар:Аулаға ұшып келген құстардың қимылын бақылату, оған жем су беруді ұйымдастыру	26.07
Музыкалық іс шара «Көңілді жарыстар»	27.07
Үй жануарлары: Аквариумдағыбалықтардыбақылату, жем беру.	28.07
Тамыз айы 1 апта	
Қимылды ойын «Тырналар», «Түйілгенорамал», «Арқантартыс»,	31.07
Құммен, сумен ойындар: суда сурет салғызу	1.08
Гүлдерді бақылаут, су құйғызу Күннің гүлдерге әсерін бақылату . «Құлпырғанәлем» шығармашылықшеберханасыныңжұмысынұйымдастыру.Балалардыңқалауыбойыншажекенемесетоптасып, әртүрліматериалдардың көмегіменбұйымдаржасауларынажағдай жасау)	2.08
«Жазғы бал» би сайысын өткізу	3.08
Кітап орталығының жаңа кітабтарымен таныстырып жаңаертегі оқып беру	4.08
Тамыз айы 2 апта	
«Сиқырлы қапшық»дидактикалық ойынын ұйымдастыру. Қапшықтың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтату, ойыншықты алған соң атын , түсін айтқызу сөйлеу дағдысын дамыту	7.08
Омыртқа қисаюуын алдын алу жаттығуларын жасату	8.08
«Асхана», «Емхана», «Дүкен» сюжетті-рөлдікойындарды ойнату	9.08
Шақырылған қуыршақ театрының қойлымын тамашалату	10.08
Балабақша ауласын сыпыру, су шашу, қоқыс жинау сияқты еңбек әрекетін ұйымдастыру	11.08
Тамыз айы 3 апта	
Құрастырмалы материалдардан түрлі үйлерді жинап құрастыруды қалыптастыру	14.08

Ұлттық ойындар ойнату.	15.08
Әтеш пен тауықты бақылату. Мультфильм көруін ұйымдастыру	16.08
Жігіттер шеруін өткізу	17.08
Балапанды тамашалату. Балапанның денесіне тұмсығын,қанаттарын, көз бен аяқтарын жапсыруды жетілдіру;	18.08
Тамыз айы 4 апта	
Табиғаттағы өзгерістерді тамашалату. Құмда оларды бейнелету	21.08
«Алтын сақа», «Соқыр теке» қимылды ойындарды ойнату	22.08
Қуыршақ театры. «Бауырсақ» ертегісін тамашалату	23.08
Ата-аналарменбірлескенәрекеттеалдын-ала үйдеәзірленгенұлттықоюлардың көрмесінқарастыружәнежасалғанбұйымдартуралыәңгімелесу;	24.08
«Көңілді доп» үйірмесі:Суда доптармен ойнату	25.08
Тамыз айы 5 апта	
«Мен атамның көмекшісімін» тақырыбындаәңгімелесу;	28.08
«Айбарыасқақ – Атазаң» ҚазақстанРеспубликасыКонституциясыкүнінеарналғанмерекелікконцертке қатысу	29.08
«Қош бол жайдары жаз» музыкалық іс шараны ұйымдастыру	31.08

«Бекітемін»
«Жүрсінай» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Ж.Д.Мынжасарова_____
2022-2023 ж



Жазғы сауықтыру іс-шараларының циклограммасы

Ортаңғы «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» топтары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 1 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3жас **01.06-02.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні	**Сейсенбі** күні	**Сәрсенбі** күні	**Бейсенбі** күні 01.06	**Жұма** күні 02.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас**09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. I. Жүру, жанымен жүру,баяу жүгіру, әр түрлі бағытта жәй жүгіру, жартылай шеңбер болып тұру. Басын оңға, солға бұрып сәлемдесіп иілуді жасату. II. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол кеудеде, шынтақтан бүгілген 1-колды алға созу, 2-жоғары созу, 3-бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет кайталату. III. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол белде:1-солға иілу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 3-оңға иілу, 4-бастапқы қалыпка оралу 4-5 рет қайталау. IV. Бастапқы қалып аяқты созып отыру, қол белде:1-аяқты бүгіп,тізені құшақтау, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 4-5 рет қайталату Аяқ ұшымен, айналып секіру 5-6 секунд, еркін тыныс алу жаттығулары Тамақтану алдында қолдарын өз бетінше жууды, сүлгіге сүрту дағдыларын пысықтау. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сұйық сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				

Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55				Жаз мезілі туралы балаларға сурет көрсету. «Жаз композициясы» Дайындалған ірі ағаштар және ұсақ гүлдерден жаз мезгілі туралы композиция дайындату. Ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру-үстел үсті ойындарынойнату (пазлдар, домино, суретті карточкалар)Дидактикалық ойындарды ойнату	«Еңбекке құрмет» Аула сыпырушысының еңбегін бақылату, көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзінің еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Далаға шығып көмектесуді ұйымдастыру.
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Дұрыс киінулерін бақылату.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00				Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: - балалар шығармашылығынан концерт;	«Көңілді доп» үйірмесі Әр түрлі көлемдегі доптармен ойындарды ойнату.

				- асфальтқа сурет салдырту Жеке еркін ойындар мен қимылды ойындар ұйымдастыру. Сумен, құммен еркін ойындар.	Ата-ананың сұраныстарын ескере отырып құмның үстінде жалаң аяқ жүргізуу. 3-5 минут
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Шешінудің бірізділік алгоритмін пысықтау				
Гигиеналық шаралар, 12.10-12.20	Сумен қолдарын сабындап жууды, қолы мен бетін құрғатып сүлгіні қолдану, киімдерімен суламауды, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.20-13.00	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауға, шай және сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, жинап немесе іліп қоюуын қалыптастыру				
Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	**«Ригалық әдіс» бойынша шынықтыру шараларын ұйымдастыру** Киімдерін ұқыпты өздігенен киінуді. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюін қалыптастыру.				

Бесін ас 15.35-16.00	Тамақтану алдында қолдарын өз бетінше жууды, сүлгіге сүрту дағдыларын пысықтау. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50				Үстел үсті театры «Жеті лақ» ертегісін айтып беру. Жеті лақ ертегісінің кітабын қарату, өз бетінше айтып берулерін ұйымдастыру. Кейіпкерлердің киімдерін киіп дауыстарын айтқызу.	**«Жаз еді»**тақпағын жаттату. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Қанатын жалауша. Көбелек қағады, *Ә.Ахметов.* Мультфильм тамашалату
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну дағдыларын пысықтау.				
Серуендеу 16.55-17.55				«Құстар ұшып келді»к/о Отбасымен жақсы көріп ойнайтын ойындары туралы әңгімелесу. Барлық топпен ойнату.	«Шыбыққа қалпақ кигізу»к/о Құммен, ойыншықтармен еркін ойындарды , ойынату
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30	Жазғы кезеңдегі балалардың киім кию ережелерімен таныстыру. Балалар суретінен көрме өтетіні жайлы хабардар ету.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:
Тексерілген күні: 01.06.2023 Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 2 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3жас **05.06-09.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 05.06	**Сейсенбі** күні 06.06	**Сәрсенбі** күні 07.06	**Бейсенбі** күні 08.06	**Жұма** күні 09.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас**09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. I. Жүру, жанымен жүру,баяу жүгіру, әр түрлі бағытта жәй жүгіру, жартылай шеңбер болып тұру. басын оңға, солға бұрып сәлемдесіп иілу. II. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол кеудеде, шынтақтан бүгілген 1-қолды алға созу, 2-жоғары созу, 3-бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет қайталау. III. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол белде:1-солға иілу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 3-оңға иілу, 4-бастапқы қалыпқа оралу 4-5 рет қайталау. IV.Бастапқы қалып. Аяқты созып отыру, қол белде:1-аяқты бүгіп,тізені құшақтау, 2-бастапқы қалыпқа оралу,4-5 рет қайталау Аяқ ұшымен, айналып секіру 5-6 секунд, еркін тыныс алу жаттығулары Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау, нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				

Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Түрлі түсті құрастыру материалдарынан ғажайып қалашық құрастырғызу. Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру.	Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өтуді жетілдіру. Кітаптарды қарату, еңбек түрлерібойынша әңгімелесу	Ертегі оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекеті туралы сұрақтарға жауап беруін дамыту. Ертегіні айтуын пысықтау	Асфальтта түрлі-түсті борлармен балалардың еркін сурет салуын ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру	«Аялайық гүлдерді» аясында гүлдер қимылын қайталату . Қағаз гүлдерді алып, қолмен көрсетіп билету.
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз бетінші киіну дағдыларын пысықтау, қатармен жүруді бекіту.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу. **Қимылды ойын** «Тышқандар мен мысықтар»	**Құммен, сумен ойындар:** Қамалдар жасату, су шашу ойындарын ойнату Жеке еркін ойындар мен қимылды ойындарды ойнауын жетілдіру.	**Табиғат ауа райы:** Бақ-бақ гүлін теру. Жел ескенін бақылату Ата-ананың тілектерін ескере отырып құмның үстінде жалаң аяқ жүруді ұйымдастыру. 3-5	**Музыкалық іс шара** «Жайдары жаз» Балалардың ата-аналарымен салған көрмені тамашалату, марапаттау.	**Ертегі шаңырағы:** «Түлкі мен тырна» ертегісін сахналату Ойын арқылы мейірімділік, ұқыптылық, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу.

			минут		
Серуеннен оралу 12.00-12.10 **Гигиеналық шаралар** 12.00-12.10	Қатарды бұзбай жүру, киімдерін реттілікпен шешіп, шкафқа ұқыпты қоюын жайғастыру.				
Түскі асқа дайындық 12.10-12.20	Сумен қолдарын сабындап жууды, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі ас 12.20-13.00	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту,оны орындыққа іліп қойуын қалыптастыру				
Ұйқыдан ояну шынығу15.10-15.35 **Бесін ас** 15.35-16.00	**«Ригалық әдіс», бойынша шынықтыру шаралары** Киімдерін ұқыпты өздігенен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Аңдардың үйшіктерін құрастыруды дамыту Ұнатып айтатын әндерін, билейтін билерін билету.	«Не жедің тауып айт»д/о Достық туралы суреттерді кітаптан қарату, оларды әңгімелеу, танитын кейіпкерлердің іс әркетін сахналату.	«Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегін тыңдату	Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу	«Лақтар мен қасқыр» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін көрсету және қуыршақ кейіпкерлерді қолданып ертегіні айтып беру және ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап алу арқылы түсінігін тыңдап сөздік жұмыстар жүргізу. - балалар ертегі нетуралы? - Қасқыр не істеді? Ертегіде кім жақсы кім жаман екен?айтқызу
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Реттілікпен киіну, қатарда тәртіп сақтап жүруді қалыптастыру.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Сақина алу» қ/о Бір-бір бордан таратып беріп, еркін сурет салуына мүмкіндік беру. Балалардың борды қалай пайдаланып жатқанын бақылату	Ғажайып қоржыннан түрлі жануарлар ойыншықтарын шығару. Оларды сызықтың бойына тең етіп қойып жайғастыруын ұйымдастыру. Әр	«Қасқыр мен қоян»қ/о Айналаға зейінмен қаратып, жаздың қандай белгілерін көріп тұрғаны жайлы сұрау арқылы әнгімелету	«Қарақұс пен балапандар»қ/о Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру Құрастырғанқұрылыспенсюжеттіойын	«Поезд»қ/о Ағаштарды бақылату, оларға күтім жасату

	және қандай сурет салғандары жөнінде сұрау	жануардың досын тапқызу. Құм және сумен тәжірибе жасату.	Балалардың құммен еркін ойындарына жағдай жасау	шықтардықолданы пойнату.	
Үйге қайту Ата-анаға кеңес17.55-18.30	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 05.06.2023ж
Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 3 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3жас **12.06-16.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 12.06	**Сейсенбі** күні 13.06	**Сәрсенбі** күні 14.06	**Бейсенбі** күні 15.06	**Жұма** күні 16.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00	Балалармен сәлемдесуБаладанқандайкөңілкүйменкелгенінсуретарқылыкөрсетіп, сәлемдесудіпысықтау, баланыжекепікірінбілдіругетарту. I. Жүру, жанымен жүру,баяу жугіру, әр түрлі бағытта жәй жүгіру, жартылай шеңбер болып тұру. басын оңға, солға бұрылып сәлемдесіп иілу. II. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық қол кеудеде, шынтақтан бүгілген 1-қолды алға созу, 2-жоғары созу, 3-бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет кайталау. III. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол белде:1-солға иілу, 2-бастапқы қалыпқа оралу, 3-оңға иілу, 4-				

Таңғы асқа дайындық **Таңғы ас**09.00-09.30	бастапқы қалыпқа оралу 4-5 рет қайталау. IV.Бастапқы қалып аяқты созып отыру, қол белде:1-аяқты бүгіп,тізені құшақтау, 2-бастапқы қалыпқа оралу,4-5 рет қайталау Аяқ ұшымен, айналып секіру 5-6 секунд, еркін тыныс алу жаттығулары Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. әлеуметтік жәнеэмоционалдыз ияттытәрбиелеу:ба лалардыңназарына дамныңжекеқасиет теріне(мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыруды	Белгілі затқа дейін 6м қашықтыққа биіктігі 30-40см жіптің астынан еңбектеп өтуді дамыту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату	Кітаптардан табиғаттың гүлденуі туралы суреттерді қарату, әңгімелеуді дамыту. Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту.	«Жануарлар саябағы». Ертегідегі жануарларды мүсіндету. Жеке жұмыстарды біріктіріп ұжымдық композиция жасату	Өзге адамдарың іс-әрекеттерін бақылату, көмек көрсету ниеттерін қолдау.

	пысықтау.				
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өздігінен киіну дағдыларын бекіту, қатармен жүру, далада ойнайтын ойыншықтарды алып шығуға баулу.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	Шырайгүл және барқытгүлді тану, бақылап салыстыру. Дидактикалық ойын «Сыңарын тауып қос» Балабақша ауласында өсетін ағаштар және гүлдерге бақылау жасату. Ата-ананың сұраныстарын ескере отырып құмның үстінде жалаң аяқ жүру. 3-5 минут	«Тамшылар». дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу. Лэпбукке тамшыларды жапсырту. Жеке еркін ойындар мен қимылды ойындарды ойнауға жағдай жасау	**желілі ойын (жаңа)«**Бөпешім» Бөпені бесікке жатқызу киімін кигізіп, әлдилеп ұйқтауды жетілдіру. Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету.	**Қуыршақ театры** «Ешкі мен қасқыр» ертегісін қуыршақ театры арқылы тамашалату, әсерлендіру. Алтын сандықтың ішінен әр түрлі ертегі кейіпкерлерінің киімі шығару. Балалардың қалаулары бойынша киім таңдап алып, қойылымдардысах налату дағдысын дамыту.	Ғажайып қорапшадан су құйғыш, күрек, шелек алғызу. Бұл заттармен не істейміз деп сұрау? . Сөйлеуқарқынынөзгертуқабілетіндамыту:баяусөйлеуді дамыту. **«Табиғаттағы еңбек»** Ағаштарға су құйғызу, жапырақтарын тамашалату.
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Ойыншықтарды жинату, қатарды бұзбай жүруді, достарына мейірімділік таныту, көмектесуді пысықтау.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.10	Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				

Түскі асқа дайындық, 12.10-12.20 **Түскі ас** **Түскі ас** 12.20-13.00	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Түскі ас 12.20-13.00	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	**«Ригалық әдіс» бойынша шынықтыру шаралары** Киімдерін ұқыпты өздігенен киюді. Түймелерін қадауды, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту.				
Ұйқыдан ояну шынығу15.10-15.35 **Бесін ас** 15.35-16.00	Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу.	Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсерін таныту	«Саңырауқұлақтар әлемі» тақырыбында мүсіндеуді дамыту	Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу.
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтап, реттілікпен киіну. Қатрмен жүру. Балалардың еркін ойындары				
Серуендеу 16.55-17.55	«Ақ доп, қызыл доп» қ/о Құмда гүлдердің суретін салғызуу.	«Трамвай»қ/о Лэпбута гүлдер бағына әр бетіне сәйкесінше жапсырту	«Үрпек төбет»қ/о Еркін ойындар	«Күміс алу»қ/о Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету	«Допты дәлдеп лақтыр»қ/о

Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30	Ата-аналармен бірге «Гүлдестелі ханшайым» байқауын өткізу бойынша кеңес жүргізу.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 12.06.2023ж Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 4 апта

Білім беру ұйымы: «Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3жас 19.06-23.06.2023 ж

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 19.06	**Сейсенбі** Күні 20.06	**Сәрсенбі** Күні 21.06	**Бейсенбі** күні 22.06	**Жұма** күні 23.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен сәлемдесуді үйрету. I.Жүру, қолдарындағы гүлдерді жоғары көтеріп жүру жүгіру баяу және тез,екі қатарға бөлініп тұру. II.Бастапқы қалып - аяқты бірге қосып тұру, қол төменде: 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. III. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашық қол төменде: 1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гүлдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу, 4-қолды алға созу , 5-жердегі гүлдерді қолға алу бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу. Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары. Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. майлықты қолдануды үйрету.				

Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті 09.30-09.55	Ертегі кейіпкерлеріне арналған ірі құрастыру материалдарынан үй құрастырту	Допты қақпаға домалатуды үйрету, қос аяқпен бір мезгілде екпінмен итерілу және жартылай бүгілген аяқтың ұшына тұра білуін бекіту.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. Жұмбақшешкізу,жаңылтпаш,санамақайтқызу,сөздікқорларынжаңасөздермен байыту.	Асфальтта түрлі-түсті борлармен балалардың еркін сурет салуын ұйымдастыру	«Аялайық гүлдерді» Гүлдер қимылын пысықтап, билеуту
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз бетінше киінулерін пысықтау, ойыншықтарды таңдап алып шығу, қатармен жүруін жетілдіру.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	**Шебер қолдар өнері:** Ашылып жабылатын, құрастырмалы заттарды құрастыру бойына, көлеміне қарай топтастыруды қалыптастыру. Ата-ананың тілектерін ескере отырып құмның үстінде жалаң аяқ жүру. 3-5 минут	Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат жасау. **Қимылды ойын** «Трамвай»	**Құстар** Балапан (тауық, үйрек, қаз балапандарының біреуі) қимылын бақылату, оған жем су беруді ұйымдастыру	**Музыкалық іс шара** «Гүлдестелі ханшайым» Жеке еркін ойындары мен «Ертегілер елінде» атты театрландырылған көріністі ұйымдастыру	**Үй жануарлары:** Қозы мен лақты салыстыру. Құммен ойнату, бассейінге түсу, жүзу жаттығуларын меңгерту
Серуеннен оралу	Ойыншықтарды тез жинау, қатарға тез тұру, реттілікпен шешіну алгоритімін пысықтау.				

12.00-12.10					
Гигиеналық шаралар 12.00-12.10	Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық 12.10-12.20 **Түскі ас** 12.20-13.00	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап , іліп қойуын қалыптастыру				
Ұйқыдан ояну шынығу15.10-15.35	Тыныстау жаттығуларын жасау, шынығу – уқалау, жолақшалармен жүру Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс кию. Қыз балалар шаштарын тарап жинап қоюды үйрету.				
Бесін ас 15.35-16.00	Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	«Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдату.	Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту	Сүйікті кейіпкерлері жайлы әңгімелесу	Жақсы көретін әндерін айтқызу.	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату.
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз бетінше ұқыпты киіну, реттілікті сақтап, қатарда жүру.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Допты дәлдеп лақтыр» қ/о Құммен, еркін ойындар	«Сақина жасыру»қ/о Ұлттық ойын	«Тышқандар мен мысықтар»қ/о	«Шыбыққа қалпақ кигізу»қ/о	«Қасқыр мен қоян»қ/о Су бетінде сурет салуға жағдай жасау

Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30	«Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры туралы ақпарат беру.

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 19.06.2023ж Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 5 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3 жас **26.06-30.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 26.06	**Сейсенбі** күні 27.06	**Сәрсенбі** күні 28.06	**Бейсенбі** күні 29.06	**Жұма** күні 30.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас**	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен сәлемдесуді үйрету. I. Жүру, аяқтың ұшымен журу, жүгіру, қолдарын жанына созып алмастыра жүру, жүгіру, екі қатарға тұру. II. Жан-жақты дамыту жаттығулар: Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде. 1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық,қол төмен. 1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық,қол төмен. 1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол жанында. 1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы калыпқа келу. 4-5 рет қайталау. III.Еркін тыныс алу жаттығулары. Қолын сабынмен жуу әдістерін пысықтау Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.Ас ішіп болған соң ризалығын білдіру.				

09.00-09.30					
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Балалардан бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау. Сүйікті ойыншығы мен ойыны туралы сұрау. Ол ойыншықты не үшін жақсы көретіндерін айтқызу.	Тепе-теңдікті сақтап, жіптің бойымен жүруді үйрету. «Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларды өз бетінше саханалауға талпындыру.	Жабайы табиғат туралы суреттер көрсету. Суреттер бойынша әңгіме құрастырту.	Дайын пішіндерден ұшып жүрген көбелектерді жапсырту	Ойыншықтарды үстелдің үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету.
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Реттілікпен киіну, қатармен жүруді пысықтау.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	**Шебер қолдар:** Түрлі жануарларды құрылыс материалдарынан құрастыруларын үйрету Жеке еркін ойындары мен топтық, топ аралық жалпы билер мен ән айтуды ұйымдастыру.	**Денсаулық іс – шарасы:** «Су патшалығына саяхат» мерекелік қойылымдарды ұйымдастыру. Бассейнде жүзу. Су патшалығы қойылымын тамашалату.	**Үй жануарлары** «Лағым» куту, су беру, еркелетіп ойнауды қалыптастыру. Ойындар арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу.	**Қуыршақ театры** «Шалқан » ертегісі «Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату көңіл көтеріп сезімдерін танытуға жетелеу.	**«Көңілді доп» үйірмесі** «Ақ доп, қызыл доп» «Әлди-әлди ақбөпем» челенджін қорытып, марапаттау.
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Ойыншықтарды жинап, қатармен жүріп топқа оралу. Реттілікпен шешініп, киімдерін ұқыпты жинап қою				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.10	Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				

Түскі асқа дайындық, 12.10-12.20 **Түскі ас** 12.20-13.00	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау, тамақ ішіп болған соң ризашылығын айту.				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап н\е іліп қойуын қалыптастыру				
Ұйқыдан ояну шынығу15.10-15.35	Тыныстау жаттығуларын жасау, шынығу – уқалау, жолақшалармен жүру. Киімдерін ұқыпты өздігенен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қыз балаларға шаштарын тарап жинап қоюды үйрету.				
Бесін ас 15.35-16.00	Қолын сабынмен жуу әдістерін пысықтау Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Көркем шығарма оқып беру.	Қорапшадағы ойыншықтармен ойын. Заттардыңсанын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыружәнеоларды ңбіреуінбөліпкөрсетуді бекіту	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Кітаптарды қарату	Лего ойыншықтары арқылы «Достар қалашығын» ұжымдасып құрастыруға жұмылдырып орындату	«Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Сақина алу» қ/о Балабақша ауласында өсетін өсімдіктерге күтім жасату.	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санату, танып атату, оларға күтім жасату. Құмда олардың суреттерін салғызу.	«Қасқыр мен қоян»қ/о Бормен құстардың суретін салғызу	«Өз үйіңді тап»қ/о Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды санату. Оларға табиғи заттардан астау жасату.	«Торғайлар мен автомобильдер» қ/о Құммен, бояулармен еркін ойындар ұйымдастыру
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30	Судағы қауіпсіздік жөнінде ата аналарға кеңес				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 26.06.2023ж Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Шілде айы 2022-2023 оқу жылы 1апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3жас **03.07-07.07.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 03.07	**Сейсенбі** күні 04.07	**Сәрсенбі** күні 05.07		**Жұма** күні 07.07
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55	Балалармен сәлемдесіп. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен сәлемдестіріп қалаған ойын орталықтабіріге ойнауды дамыту.				
Таңғы жаттығу 08.55-09.00	I.Жүру, қолдарындағы гүлдерді жоғары көтеріп жүру жүгіру баяу және тез,екі қатарға бөлініп тұру. II.Бастапқы қалып - аяқты бірге қосып тұру, қол төменде: 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. III. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашық қол төменде: 1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гүлдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу, 4-қолды алға созу , 5-жердегі гүлдерді қолға алу бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу. Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы асқа дайындық **Таңғы ас** 09.00-09.30	Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. майлықты қолдануды үйрету				

Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Астана қаласының табиғи ерекшеліктері туралы суреттер арқылы көрсету, таныстыру	Доптың ұшуының дұрыс жолын: алға,жоғары қарай бүгілген қолдың екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту	Құмда үй салуды үйрету		Көңілді ән жаттату. Муызка ырғағына сәйкес қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдауды жетілдіру
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз бетінше киіну, ойыншықтарды алып шығу, қатармен жүруді бекіту				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	**Шебер қолдар өнері**: түймеленетін, бауланатын бұйымдарды түймелеуді, баулауды пысықтау	Күшікке бақылау жасату, оны тамақтандыру, ойнату. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу.	«Астана – бас қала» музыкалық іс шараға қытыстыру Жеке бас еркін ойындары мен топ аралық жарыстар ұйымдастыру .		«Көңілді доп» үйірмесі Допты дәлдеп лақтыру жаттығуын қайталату
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Ойыншықтарды жинау, қатарға тездетіп тұру, бұзбай жүру. Киімдерін ұқыпты ауыстыру.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.10	Қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, 12.10-12.20 **Түскі ас** 12.20-13.00	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру				

Ұйқыдан ояну шынығу15.10-15.35 **Бесін ас** 15.35-16.00	Тыныстау жаттығуларын жасау, шынығу – уқалау, жолақшалармен жүру Киімдерін ұқыпты өздігенен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қыз балалар шаштарын тарап жинап қоюды үйрету. Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Ғажайып қорапшадан көздерін жұмып заттар алуды ұсыну. Заттардысалыстыру:зат тарғақосунемесезаттар даналутәсілдеріарқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?»сауалдарынажауапберуін қалыптастыру	Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін ұйымдастыру	Құс қанат оюын бояту. Бояуды пайдаланғанда ұқыптылыққа тәрбиелеу.		Құстар әніне музыка қосып сергіту сәтін жасату.
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Реттілікті сақтай отырып киіну. Қатарды бұзбай жүру.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Қарақұс пен балапандар» қ/о «Бұл бақытты –мекен» асфальтқа сурет салу	«Торғайлар мен автомобильдер»қ/о Күшік туралы көркем шығарма оқып беру	«Күміс алу»қ/о «Елімнің жүрегі – Астана», әңгімелесу, ән тыңдату және бірге айту		«Құстардың ұшып келуі»қ/о Құммен әр түрлі ойындар ұйымдастыру. Балалардың еркін ойындары.
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес**17.55-18.30	Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 03.07.2023ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Шілде айы 2022-2023 оқу жылы 2 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3жас **10.07-14.07.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 10.07	**Сейсенбі** күні 11.07	**Сәрсенбі** күні 12.07	**Бейсенбі** күні 13.07	**Жұма** күні 14.07
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық**	Балалармен сәлемдесіп. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен сәлемдестіріп қалаған ойын орталықтабіріге ойнауды дамыту. І.Жүру, қолдарындағы гүлдерді жоғары көтеріп жүру жүгіру баяу және тез,екі қатарға бөлініп тұру. ІІ.Бастапқы қалып - аяқты бірге қосып тұру, қол төменде: 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. ІІІ. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашық қол төменде: 1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гүлдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу, 4-қолды алға созу , 5-жердегі гүлдерді қолға алу бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу. Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары. Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай,тамақты әбден				

Таңғы ас 09.00-09.30	шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. майлықты қолдануды үйрету				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Ірі және ұсақ құрастыру материалдарын пайдалана отырып, қиял ғажайып қалашық құрастыру.	Доптың ұшуының дұрыс жолын: алға,жоғары қарай бүгілген қолын екпінмен түзетіп, келтіре білуін бекіту.	Өздерінің тұрып жатқан қалалары туралы суреттер көрсету. Көрікті жерлерін сурет бойынша әңгіме жасату	Сазбалшықтан немесе ермексаздан су құйатын ыдыстар жасату	Көлік құралдарымен таныстыру, олардың да жарыс түрлеріне қатысатыны туралы түсінік беру, мультфильм арқылы көрсету
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өздігінен киіну дағдыларын бекіту, қатармен жүру, далада ойнайтын ойыншықтарды алып шығуға баулу.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	Ұлттық ойындар фестивалі. «Орамал тастамақ», Сақина салу, Асық ату ойындарын үйрету	Хауыздағы **(**бассейіндегі) сумен ойындар. Бассейнге түсіп шомылу. Бояулармен, бормен сурет салғызу.	Күн шұғыласын айна арқылы бақылату, әңгімелету. Дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысын қорыту, марапаттау.	Жалпақ табанды-лықты түзету жұмыстарын жүргізу	**Ертегі шаңырағы:** Киіз үйден (электронды құрал) ертегі тыңдату. Жеке бас еркін ойындарын ойнату. «Менің сүйікті қалам» көрікті жерлерге саяхат ұйымдастыру .
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Ойыншықтарды жинау, қатарды бұзбай жүру, достарына мейірімділік таныту, көмектесу.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.10	Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				

Түскі асқа дайындық, 12.10-12.20 **Түскі ас** 12.20-13.00	Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру				
Ұйқыдан ояну шынығу15.10-15.35	Тыныстау жаттығуларын жасау, шынығу – уқалау, жолақшалармен жүру Киімдерін ұқыпты өздігенен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қыз балалар шаштарын тарап жинап қоюды үйрету.				
Бесін ас 15.35-16.00	Қолын өз бетінше жуу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	«Спорттың жазғы түрлері» видио фильм көру әңгімелесу.	Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкасүйемелдеуіарқылыорындату	Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру.	Сурет бойынша «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін балаларға айтқызу.	Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды ұсыну. Балалар ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы зерттеуінжәне сипаттауын ұйымдастыру
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтап, реттілікпен киіну. Қатармен жүру				
Серуендеу 16.55-17.55	«Мысық пен тышқан» қ/о Бояулармен, бормен сурет салғызу.	«Өз үйіңді тап»қ/о Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату	«Торғайлар мен автомобильдер» қ/о Санамақтар мен өлеңдер жаттату. Құммен ойындар ойнату.	«Поезд»қ/о «Асық ойындары» асықпен танысу, еркін ойындар. Үшдөңгелектівелосипедтітура,шеңбербойымен,оңғажәнесолғаб	«Жалауға қарап жүгір»қ/о «Көкпар» ұлттық ойынын таныстыру.

				ұрылып тебуді жалғастыру.	
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес**17.55-18.30	Жаз мезгілінде жиі болатын ішек инфекциялы аурулардың алдын алу жөнінде кеңес				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 10.07.2023ж Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Шілде айы 2022-2023 оқу жылы 3 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Атамекен», «Ботақан», «Балбөбек» ортаңғы топтары
Балалардың жасы: 3жас **17.07-21.07.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні:17.07	**Сейсенбі** күні 18.07	**Сәрсенбі** күні 19.07	**Бейсенбі** күні 20.07	**Жұма** күні 21.07
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен табиғат бұрышында құстар мен балықтарды тамашалату. I.Жүру, қолдарындағы гүлдерді жоғары көтеріп жүру жүгіру баяу және тез,екі қатарға бөлініп тұру. II.Бастапқы қалып - аяқты бірге қосып тұру, қол төменде: 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. III. Бастапқы қалып екі аяқ арасы ашық қол төменде: 1-қолды алға созу, 2-еңкейіп гүлдерді жерге қою, 3-бастапқы қалыпқа қайта оралу, 4-қолды алға созу , 5-жердегі гүлдерді қолға алу бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төменде: 1-секіріп аяқ арасын қосу, гүлдері бар қолдарын жанына созу. Гүлдері бар қолдарын жоғары көтеріп бір орнында айналып жүгіру, еркін тыныс алу жаттығулары.				

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышкандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді… Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

Өз түсіңді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз тусіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балаларжүгіреді. «Поезд станцияға жакындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдср, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала оларқайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топка бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лактырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Қарақұс пен балапандар»

Педагог тауық болып, балалар балапан болып жем теруге шығады. Бір бала қарақұс болады. Жем теріп жүргенде қарақұс ұшып келеді. Барлық балапандар тауықтың қанатынын астына жасырынады.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.
Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың

біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

«Өзара айырмашылығын тап»

Мақсаты: 1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.
2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.
Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.
Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

Жазғы-сауықтыру іс-шаралардың перспективалық жоспары

Іс шаралардың атаулары, мазмұны	**Өткізу мерзімі**
Маусым айы 1апта	
Балаларды қорғау күніне арналған «Балақайлар шеруі» Жаз мезгілінде көбелек,шыбын,құрбақа(тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелеу дағдысын дамыту	01.06
Гүлдер мен көкөністерді қағаздан құрастыру. Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын жетілдіру.Сөйлеу мен тілін дамыту үшін жетекші сұрақтар қою.	02.06
Маусым айы 2апта	
Балаларға таныс ертегілер кейіпкерлерінің киімдерін кию арқылы сахналату. Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу.	5.06
Суда қағаздан жасалған кемелер сайысын ұйымдастыру. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен)	6.06
Ойыншықтар туралы мультфильм тамашалату.	7.06
Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.	8.06
Күннің жылынуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды толтырып күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін серуенге шыққанда судың ысығанын бақылату. Су әлемі туралы жұмбақтар шешуін ұйымдастыру, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету	9.06

Маусым айы 3 апта	
Өсімдіктерге қамқорлықтытабиғаттағы еңбек арқылы таныту. Өз топтарының ауласындағы гүлдерге су құюды ұйымдастыру. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуін ұйымдастыру.	12.06
Шығармашылық студиясында саз балшықтан түрлі түсту және түрлі көлемде алмаларды жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	13.06
«Дені саудың – жаны сау» атты спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру. «Болады-болмайды», «Мен бастаймын сен аяқта»дидактикалық ойындарын ойнату.	14.06
Балабақша мед бикесі мен азпаздар атты желілі ойындарды ұйымдастыру «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлету (ұжымдық жұмыс).	15.06
Дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.	16.06
Маусым айы 4 апта	
Музыка маманының жоспары бойынша музыкалық іс шара. «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу.	19.06
Қимылды ойын «Орамал тастамақ». Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.	20.06
Көркем шығармаларды сахналау.«Шалқан» ертегісі. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	21.06
Құстар әлемі. Құстарға жем беру -торғай, кептер, сауысқан, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу, тақпақтар жаттату.	22.06
«Көңілді доп» үйірмесі.Доппен өтетін ойын түрлерімен таныстыру	23.06
Маусым айы 5 апта	
Музыка оқу қызметінде өткен әндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру	26.06
Доппен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату Қимыл-қозғалыс ойыны «Бақшадағы қояндар».	27.06
Құрбақа(тасбақа) өмірін бақылау, әңгімелету.	28.06

«Ерте, ерте, ертеде»атты тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу.	
«Раушан, райхан» гүліне бақылау, гүлдерді салыстыру, түсін , исін әңгімелету. Гүлдердің суретін салғызу, құмда және мольбертте.	29.06
Әженің ертегі кітабынан ертегі оқып беру. Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).	30.06
Шілде айы 1 апта	
Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концерт ұйымдастыру	3.07
«Су патшалығындағы ойындар» ойнату	4.07
Саз балшықтан үй жануарларын жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	5.07
Саусақ театры арқылы балалардың қалауы бойынша қойылым жасату	7.07
Шілде айы 2 апта	
Балалардың қалауы бойынша ертегіні айтып беру, сахналату	10.07
Үлкен ыдыстарға (керсен) су құйып, қағаздан жасалған кемелерді жүздіру. Балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету үшін «Судың қасиеті», «Мөлдір-лайқа», «Ауа мен су»тақырыбында тәжірибелерді жасауға жағдай жасап,ұйымдастыру Су бетінде сурет салу дағдысын қалыптастыру	11.07
Балалар ұнататын мультфилімдерін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік «Тату-тәтті отбасы» ойынын ұйымдастыру	12.07
Бау мен бақша қандай болады тақырыбында суреттер көрсетіп,әңгімелету.Топ ауласын қоқыстан, тастардан тазалауға баулу, аула гүлдеріне, ағаштарына су құюды ұйымдастыру.	13.07
«Әке көрген оқ жонар» тақырыбы негізінде зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасату. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.	14.07
Шілде айы 3 апта	
Дәстүрден тыс материалмен сурет салғызу. Көкөністердің шырынымен бояту	17.07
Нептун күніне арналған спорттық ойындар ұйымдастыру.	18.07

«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен жаттығулар жасату.	
«Емхана» , «Дүкен» тақырыбында желілі ойындарды ұйымдастыру. Ол жерде жұмыс жасайтын мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	19.07
«Түсіне қарай топтастыр» дидактикалық ойыны негізінде балаларға әр түсті бет орамалдарды, доптарды,шариктерді беріп,салыстырып түсіне қарай жинауды пысықтау	20.07
Балаларға көліктер мен үй жиһазы жайлы кітаптарды беріп тамашалату, әңгіме айтуға жағдай жасау.	21.07
Шілде айы 4 апта	
Жалпы топтық биді (Флешмоб) ұйымдастыру	24.07
«Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.«Қоймадағы тышқандар» қимылды ойынын ойнату	25.07
«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Сюжетті рөлдік ойындар ұйымдастыру	26.07
Торғай, кептер, сауысқан құстарына жем беру, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу	27.07
Түрлі көлемді доптар қандай ойынға қолданады таныстыру – футбол, баскетбол, тенис, оларды түрлі нысанға тастау ойындарын ойнату	28.07
Тамыз айы 1 апта	
Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасату. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауын ұйымдастыру.	31.07
Көркем шығарма оқып беру. Аквариумдағы балықтарды бақылату, жем бергізу. «Балық аулау» қимыл-қозғалыс ойынын ойнату.	1.08
Балалар ұнататын мультфилімін көрсету, мазмұнын әңгімелету.	2.08
Күн әсері мен шуағына бақылау жасату, әңгімелету. Құмнан төбешіктер жасату	3.08
Аула гүлдерін тану, атын атау, су құйып күтім жасату	4.08

Балабақша ауласын тазартуда көмек беру, су шашу. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойынын ойнату	
Тамыз айы 2 апта	
Балаларға саз балшықтан жемістер мен ыдыс аяқты жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау	7.08
Әр түрлі әдістермен жүгіруден жарысұйымдастыру Таза ауада ұлттық ойындарды ойнату: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айгөлек», «Күш сынаспақ».	8.08
«Шаштараз» , «Асхана» желілі ойындарды ұйымдастыру, мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір - бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	9.08
Баланың бойында туған жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тыңдатып, тақпақ айтқызу. Балаларға туған өлке туралы естеліктерден үзінді айтып беру, бірге фотоальбомдар қарау, аталар мен әжелердің әңгімелерін тыңдату. «Бауда ма, әлде бақшада ма?» дидактикалық ойынын ұйымдастыру	10.08
Ағаштар жайлы кітаптарды беріп тамашалату, әңгіме айтуға жағдай жасау. Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу жұмыстарын ұйымдастыру.	11.08
Тамыз айы 3 апта	
Көңілді билер. Әр түрлі ұлттардың ұлттық биін билету. «Жемістер мен көкөністер» фестивалін ұйымдастыру; Жұмбақтар мен тақпақтар сайысын өткізу;	14.08
Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелету; - асықтарды дайын бояулармен бояту, безендіру; - ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру.	15.08
Сүйікті ертегі айдарымен үстел үсті театры, кейіпкерлерді алып, рөлді орындауды үйрету. Достық туралы ән тыңдату, бірге айтуын ұйымдастыру.	16.08

«Досыма сыйлық» жапсыру жұмысын жасату	
Топ ауласына ұшып келген құстарды бақылату, олар немен көректенеді (құмырсқа,қоңыз,өрмекші), олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу.	17.08
Секіретін доптармен ойын, олармен жарыса секіріп түрлі нысанға жетуді үйрету	18.08
Тамыз айы 4 апта	
Балалардың қалауымен әр түрлі бояу құралдарын пайдаланып еркін сурет салғызу	21.08
Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу	22.08
Лақ – жайлы әнгіме айту, оны еркелетіп сипауды ұйымдастыру	23.08
Балаларға таңдау еркіндігін беріп, қалаған затын жасату. Шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрін қолданып жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзіне ұнаған бейнені қағазға жапсырып жасату;	24.08
Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін киіп ертегіні сахналату. «Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», тақырыптарға әңгімелесу.	25.08
Тамыз айы 5 апта	
Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектенуін ұйымдастыру; - «Бәйге» ұлттық ойынын ойнату.	28.08
«Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концертке қатыстыру	29.08
«Қош бол жайдары жаз» музыкалық іс шараны ұйымдастыру	31.08

«Бекітемін»
«Жүрсінай» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Ж.Д.Мынжасарова _____
2022-2023 ж.

Жазғы сауықтыру іс шараларының циклограммасы

Ересек «Ақкөгершін», «Қарлығаш» топтары

2022-2023 оқу жылы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 1 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Аққөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **01.06-02.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі** күні	**Бейсенбі** күні 01.06	**Жұма** күні 02.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуді қалыптастыру Балалардың таңдауы бойынша еркін ойындарын ұйымдастыру Таңғы жаттығу маусым айы 1-2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегендеаузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55				Жаз туралы суреттер бойынша әңгіме құрату. Тақпақ жаттату. Табиғи қалдық материалдардан жаз композициясын құрастыруды үйрету	Жаз туралы ән жаттау. Таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру.

Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруді пысықтау.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00				Балаларды қорғау күніне арналған «Балақайлар шеруі» ата аналар мен бірге, қыздар мен ұлдар әсем киімдерін киіп подиум үстімен жүріп өту, балалардың көңілді би билеуін ұйымдастыру. Аспанға шар ұшыру. (Көбелек,құрбақа тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелету	Гүлдер мен көкөністерді қағаздан құрастыру. Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту үшін жетекші сұрақтар қою.
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыру.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.30	Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуу. Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.30-13.00	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаю.				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	Ұйқыдан кейін дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеуді пысықтау.				
Бесін ас 15.35-16.00	Тамақтану алдында қолын жууды жетілдіру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50				Жыл мезгілі және күннің суреттері екіге қиып, араластырып балаларға таңдау жасату. Балаларға сол қиындылардан суретті құрастыруды, топтастырып,әңгімелеп айтқызуды дамыту	«Менің жақындарым», тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу;
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну, қатарды сақтай отырып серуенге шығуды қалыптастыру.				
Серуендеу 16.55-17.55				«Трамвай»к/о Асфальтқа сурет салу байқауын ұйымдастыру Ойыншықтарды қолданумен құммен еркін ойындар ойнату	«Поезд» к/о Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын. Осы ойындар арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30	Жаз мезігіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 01.06.2023ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 2 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Ақкөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **05.06-09.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 05.06	**Сейсенбі** күні 06.06	**Сәрсенбі** күні 07.06	**Бейсенбі** күні 08.06	**Жұма** күні 09.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуін қалыптастыру. Таңғы жаттығу маусым айы 1-2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Ғажайыптар еліндегі түрлі-түсті шарларды салғызу және бояту	Тура еденде жатқан жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.	Ғажайып ойыншықтар дүкені туралы әңгіме құрату. Ондағы ойыншықтардың атын атауды жетілдіру.	Дастарханға нан қалай келетінін ертегілер, мазмұнды суреттер арқылы оқу іс- әрекетті бергі жобалау моділін құрумен түсіндіру.	Ауыл тіршілігімен таныстыру, қаламен ауыл айырмашылығы туралы түсінік беру

Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруін пысықтау.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	Балалардың жақсы білетін ертегі кейіпкерлердің киімдерін кию арқылы сахналату. Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салғызу.	Суда қағаздан жасалған кемелер сайысын ұйымдастыру. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен), Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату	Ойыншықтар туралы мультфильм тамашалтау. Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойындар ойнату. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.	Күннің жылынуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды толтырып күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін серуенге шыққанда оны бақылату. Су әлемі туралы жұмбақтар шешкізу, мультфильмдер ден видеосюжеттер көрсету
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруын дамыту.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.30	Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуғызу. Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.30-13.00	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шайғызу.				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.				

Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	Ұйқыдан кейін кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндету.				
Бесін ас 15.35-16.00	Тамақтану алдында қолын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Таныс ертегі қойылымдарын сахналату.	Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан үйшік жасау және ермексаздан топтағы ойыншықтардың мүсіндерін жасауды ұсыну	Ұнатып айтатын әндерін, билейтін билерін қайталап пысықтау.	«Із кесуші» мультфильмін көрсету. «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу	Балаларды кітап орталығына жинап «Атасының ақылы» әңгімесін оқып беру. Естерінеде әнгіме желісін сақтауын дамыту.
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді жетілдіру.				
Серуендеу 16.55-17.55	Құммен, ойыншықтармен еркін ойындар «Үрпек төбет» қ/о	« Тегіс жолмен»қ/о Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл қозғалыс ойындарын өткізу	«Масаны ұстап ал»/о Сүйікті ойыншығының суретін бормен асфальтқа салғызу.	«Торғайлар мен мысық»қ/о екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылу дағдыларын жетілдіру	«Жоғары лақтыр» қ/о Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы сану салыстыру дағдыларын дамыту
Үйге қайту Ата-анаға кеңес 17.55-18.30	Жаз мезгіліндегі киім кию ережелерін түсіндіру.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:
Тексерілген күні: 05.06.2023жЦиклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 3 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Аққөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **12.06-16.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 12.06	**Сейсенбі** күні 13.06	**Сәрсенбі** күні 14.06	**Бейсенбі** күні 15.06	**Жұма** күні 16.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуін қалыптастыру. **Таңғы жаттығу маусым айы 3-4 апта комплексі** **Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.** **Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.**				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Алмалар бағындағы алманы жапсыру дағдысын дамыту	Арқан үстіментепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету	Таныс ертегі желісі бойынша сахналату.	Түрлі түсті қағаздардан гүл құрастыруды үйрету.	Жаз туралы ән жаттату. Таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруді				

09.55-10.10	қалыптастыру				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	Табиғаттағы еңбек, өсімдіктерге қамқорлық таныту. Өз топтарының ауласындағы гүлдерге су құю. Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуін ұйымдастыру.	Шығармашылық студиясы.Балаларға саз балшықтан алмалардытүрлі түсті, түрлі көлемдегі түрлерін жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.	Денсаулық іс-шарасы. «Дені саудың – жаны сау атты» спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру. «Болады-болмайды», «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойынын ойнату	Балабақша мед бикесі мен азпаздаржелілі ойындарды ойнату . «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс). Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойынды ұйымдастыру.	Дидактикалық ойындар.«Гүлдердің сыңарын тап» , Табиғат құбылыстарын салыстыр, олар туралы ұғымдарды пысықтау.
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруды жетілдіру.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.30	Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуғызу. Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.30-13.00	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаюды жасату.				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	Ұйқыдан кейін кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігенен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеуді қалыптастыру.				

Бесін ас 15.35-16.00	Тамақтану алдында қолын жуғызу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Балаларға шығармашылық орталықта дербес шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.	Табиғиматериалдар дантүрлікомпозиция жасауғаынталандыру.	Өз бетінше ойдан құрастыруғамүмкіндікберу,құрастырылғанқұрылысбөлшектерініңкеңістікте орналасуынайқындату.Дайынқұрылыспентүрліойындаройнауғаынталандыру.	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату	Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылату. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөліп іс әрекет жасату.
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді қадағалу.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Мекен мен балапандар» қ/о «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.	« Қоймадағы тышқандар»қ/о Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу	«Допты қағып ал» қ/о Құм және сумен тәжірибе жасату	«Кішкене маймылдар»қ/о Балабақша ауласындағы гүлдерді бақылату, оларға күтім жасату	«Кім алысқа лақтырады» қ/о және құммен, ойыншықтармен еркін ойындар ұйымдастыру
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30	Жазғы сауықтыру іс шаралардың келесі аптадағы жоспарымен таныстыру.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 12.06.2023ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 4 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Аққөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **19.06-23.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 19.06	**Сейсенбі** күні 20.06	**Сәрсенбі** күні 21.06	**Бейсенбі** күні 22.06	**Жұма** күні 23.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 1-2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуғызу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді салу және бояту	Жүру әдістерін пысықтау. Допты 1-2 м қашықтықтағы затқа лақтырып нысанаға тигізуді орындату	Ертегілер туралы не білетінін сұрау. Жақсы көретін ертегілерін айтып беруін ұсыну.	Ертегілердегі жан жануарлардың тіршілігімен таныстыру, атауын атауды дамыту.	Балалардың дүние танымын кеңейте отырып, ертегідегі кейіпкерлердің іс әрекеті арқылы балаларды тапқырлыққа,

					мейрімділікке тәрбиелеу
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруін пысықтау.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	Музыкалық іс шара. Музыка маманының жоспарына сай. «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу	Қимылды ойын «Орамал тастамақ». Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.	Көркем шығармаларды сахналату. «Шалқан» ертегісін сахналату. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры) «Ән көңілдің ажары» Балалар концертін ұйымдастыру	Құстар әлемі.Торғай, кептер, сауысқан құстарына жем беру, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу, тақпақтар жаттату.	«Көңілді доп» үйірмесі.Доппен өтетін ойын түрлерімен таныстыру. Жеке еркін ойындар мен сумен ойын ойнату. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Қатарға жылдам тұруды, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруды дамыту.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.30	**«Салқын су құю»** сауықтыру шарасын жасау Сумен қолдарын сабындап жууды, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.30-13.00	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау.Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаюын қадағалау.				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап, іліп қойуын қалыптастыру				

Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	**«Ригалық әдіс» сауықтыру шарасы** Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алуын жетілдіру.				
Бесін ас 15.35-16.00	Тамақтану алдында қолдарын жууды. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	«Қызыл раушан» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. көңіл көтерулеріне жағдай жасау	«Ғажайып кілемше». Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салғызу, бояту.	«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларға өз бетінше ертегі мазмұнын айтуды дағдыландыру.	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санату, танып атауды, оларға күтім жасату.	Құммен гүлдер бағының әр түрлі қоршауларын құрастыруды ұйымдастыру
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді дамыту.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Кімнің дауысы екенін тап» қ/о Көркем шығарма оқып беру Еркін ойындар	« Жасырулы тұрған не?» қ/о «Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы туралы әңгімелесу	«Жәй жүріп өт» қ/о «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойындарын ойнату	«Не жедің тауып айт»қ/о Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылату (жуыну).	«Күміс алу» қ/о «Допты спорт түрлері» жайлыбалалармен әңгімелесу
Үйге қайту Ата-анаға кеңес 17.55-18.30	Ата-аналарға су паташалығы апталығы өтетіні туралы хабарлап, іс шаралар жоспарымен таныстыру.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:

Тексерілген күні: 19.06.2023ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы

Маусым айы 2022-2023 оқу жылы 5 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Аққөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **26.06-30.06.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 26.06	**Сейсенбі** күні 27.06	**Сәрсенбі** күні 28.06	**Бейсенбі** Күні29.06	**Жұма** күні 30.06
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу.. Ертегі кейіпкер арқылықал жағдайын,көңіл күйін сұрау онымен дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 5 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуғызу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Ергегідегі жануарды мүсіндету	Шеңбер түрінде еденде қойылған арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету	«Айлакер түлкі» жайында ертегі оқып беру.	Табиғи қалдық материалдарды пластилинмен біріктіру арқылы жануарларды	Астана қаласы туралы ән жаттату. Ырғаққа сәйкес сөздерді анық айтуды музыка

				құрастырғызу	сипатын би қимылында дұрыс орындауды қалыптастыру
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу, ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруді жетілдіру.				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	Музыка оқу қызметінде өткен әндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру. Жеке еркін ойындары мен сумен ойындар арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу. Ұқыптылықты қалыптастыру.	Доппен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату «Бақшадағы қояндар». қимыл-қозғалысты дамыту ойынын ұйымдастыру «Су патшалығы» мерекелік іс-шараны ұйымдастыру	Құмырсқа, құрбақа(тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелету. «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Су құдіреті жайлы эксперемент жасату (дәмі, түсі қалай өзгереді)	«Раушан, райхан» гүліне бақылау, гүлдерді салыстыру, түсін, исін әңгімелету. Гүлдердің суретін құмда және мольбертте салғызу	Әженің ертегі кітабынан ертегі оқып беру. Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруды пысықтау.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.30	**«Салқын су құю»** сауықтыру шарасы Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.30-13.00	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау.Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаюын бақылау				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап, іліп қойуын қалыптастыру.				

Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	**« Жалаң аяқ жүру» сауықтыру шарасы** Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алуын жетілдіру.				
Бесін ас 15.35-16.00	Тамақтану алдында қолдарын жууды. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексаздан гүлдер жасату.	«Әдебиет» орталығында «Торғай мен көбелек» ертегісін оқып беру.	Балалардың ұнататын ертегісін сахналату.	Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.	Тәулікбөліктері(таңерт ең,күндіз,кеш,түн)олар дыңсипаттамалықерек шеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту.
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруін дамыту.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Ұшты ұшты» қ/о «Табиғатпен тілдесу» тақырыбында балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу.	«Кешікпе» қ/о «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығулар жасату	«Поезд» қ/о Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру	«Торғайлар мен мысық» қ/о	«Шеңберге түсір» қ/о Су ханшайымымен саяхат ұйымдастыру. Еркін ойындар
Үйге қайту Ата-анаға кеңес 17.55-18.30	Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы туралы ақпарат беру (жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу)				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші:
Тексерілген күні: 26.06.2023Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Шілде айы 2022-2023 оқу жылы 1 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Аққөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **03.07-07.07.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 03.07	**Сейсенбі** күні 04.07	**Сәрсенбі** күні 05.07		**Жұма** күні 07.07
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 1- 2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жууды. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Тұрғылықты мекені бойынша өсетін жемістер мен көкөністер суретін салуды ұйымдастыру	Балалардың қимыл-қозғалысын арттырып,ептілікке баулу	Өздерінің тұратын жерлерінде, қаласында өсетін ағаштар мен бұталар түрін танып атай білуді қалыптастыру.		Балаларды тұрғылықты жерінің қала немесе кент атауымен, атымен жақын орналасқан ғимараттармен таныстыру
Серуенге дайындық	Киіну алгоритімін сақтай отырып өз бетінше киіну, достарына қақорлық танытуын дамыту.				

09.55-10.10 **Күндізгі серуен** 10.10-12.00	**Музыкалық іс шара** «Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концертке қатыстыру	**Денсаулық іс-шарасы** «Су патшалығындағы ойындар» Жеке еркін ойындары мен сумен ойындарды ойнату.	**Шебер қолдар** Балаларға саз балшықтан үй жануарларын жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау. Балаларды хауызда (бассейнде) шомылдыру, ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен : «Көңілді жаз» мерекесін ұйымдастыру		**Ертегі шаңырағы** Саусақ театры арқылы балалардың қалауы бойынша қойылым жасату. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Ойыншықтарды жинап, реттілікпен жүру арқылы топқа оралу. Бас киім, аяқ киімді ұқыпты шешіп, орнына қою.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.30	«Салқын су құю» сауықтыру шарасын ұйымдастыру Сумен қолдарын сабындап жууды, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.30-13.00	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау.Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаю дағдысын қалыптастыру				
Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап, іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	**«Ригалық әдіс» сауықтыру шарасын жасау** Киімдерін ұқыпты өздігенен киуін,түймелерін қадауын, сырмаларын сыруын, аяқ киімдерін дұрыс киюін дамыту.				

	Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алуын қалыптастыру				
Бесін ас 15.35-16.00	Тамақтану алдында қолдарын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан Астанадағы Бәйтерек, пирамиданы ұжымдасып құратқызу	Қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Бейнелеуәрекетіненс оңқұтыларды,қылқал амдардыжуу,үстелді сүрту дағдыларын дамыту.	Балалардың сұранысы бойынша кітаптар қарату. Ертегі оқып беру. Ертегі желісі бойынша адамгершілік қасиеттер туралы түсінік беру. Ренжігенбалағажанаш ырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көзжеткізіпсебебінаны қтауға баулу		Орталықтарға бөліп балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру.
Серуенге дайындық 16.50-16.55	Өз киімдерін реттілікпен өз бетінше киіну, қатармен жүріп серуенге шығу дағдысын дамыту.				
Серуендеу 16.55-17.55	«Мысық пен тышқан» қ/о «Елімнің жүрегі – Астана», әңгімелесу	«Ұшты-ұшты »к/о Астана қаласы астанамыз, ән тыңдату және бірге айтқызу. Еркін ойындар	«Орамал тастамақ» қ/о «Бұл бақытты –мекен» асфальтқа сурет салғызу		«Соқыр теке» қ/о «Дәстүрден тыс техникамен сурет салу» сайысын қорытындылап, марапаттау.
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30	«Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры тақырыбында екенін айту, дайындау.				

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: :

Тексерілген күні: 03.07.2023ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Шілдеайы 2022-2023 оқу жылы 2 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Аққөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **10.07-14.07.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 10.07	**Сейсенбі** күні 11.07	**Сәрсенбі** күні 12.07	**Бейсенбі** күні 13.07	**Жұма** күні 14.07
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық** **Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 3-4 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жууды. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: 09.30-09.55	Астана қаласының көрнекі орындарындағы сәулетті ескерткіштерді(Бәйтерек,шар,ЭКСПО) жапсыру амалымен	Доптармен жаттығу жасауда, қол епшілігін дамыту	**Сүйікті ойыншықтар** туралы тақпақ жаттау, мәнерлеп айта білуін қалыптастыру	Консрукторлардан Байтеректі, биік үйлерді құрастыруды ұйымдастыру.	Жақсы көретін әнді қайталату.Ән ырғағына сәйкес сөздерді анық айтуын дамыту. Музыка сипатын би қимылында жасату

	жасату				
Серуенге дайындық 09.55-10.10	Киіну алгоритімін сақтай отырып өз бетінше киіну, достарына қақорлық таныту дағдысын жетілдіру				
Күндізгі серуен 10.10-12.00	**Қуыршақ театры** Балалардың қалауы бойынша ертегіні айтып беру, сахналату. Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойындарОйын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.	Үлкен ыдыстарға (керсен) су құйып, қағаздан жасалған кемелерді жүздіру. Балалардың зерттеушілік қызығушылықтары на қолдау көрсету үшін «Судың қасиеті», «Мөлдір-лайқа», «Ауа мен су»тақырыбында тәжірибелерді жасауға жағдай жасап, ұйымдастыру	Балалар ұнататын мультфилімдерін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік «Тату-тәтті отбасы» ойынын ұйымдастыру	Бау мен бақша қандай болады тақырыбында суреттер көрсетіп,әнгімелету . Топ ауласын қоқыстан, тастардан тазалауға баулу, аула гүлдеріне, ағаштарына су құюды ұйымдастыру	«Әке көрген оқ жонар» тақырыбы негізінде зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасату. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру. «Әлди-әлди ақбөпем» челенджін қорытындылау, марапаттау.
Серуеннен оралу 12.00-12.10	Ойыншықтарды жинап, реттілікпен жүру арқылы топқа оралу. Бас киім, аяқ киімді ұқыпты шешіп, орнына қою.				
Гигиеналық шаралар 12.00-12.30	***«Салқын су құю»*** сауықтыру шарасы Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас 12.30-13.00	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау.Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаю. Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын				

Күндізгі ұйқы 13.00-15.10	қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу, 15.10-15.35	**«Ригалық әдіс» сауықтыру шарасын орындау** Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алу. Тамақтану алдында қолдарын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				
Бесін ас 15.35-16.00	Балаларға кітап орталығында тіл ұстарту жаттығуын айтқызу ай-ай-ай, Көңіліңболсынжай! Ай-ай-ай, Ұшыпкеттіторғай	Балаларға кітап орталығында отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерінжетілдіру.Отбасындағыүлкендердісыйлауға,құрметкөрсетуге,кішілергекамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу	Балаларды орталықтарға бөліп. қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру.	Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылуды меңгерту.	Денешынықтыруқұралдарын,спорттықжәне қимылдыойындарғаарналғанатрибуттардыпайдалануғаынталандыру
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті 16.00-16.50	Өз киімдерін реттілікпен өз бетінше киіну, қатармен жүру				
Серуенге дайындық 16.50-16.55	«Не жедің тауып айт» қ/о Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау	«Күміс алу» қ/о «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салдырту.	«Масаны ұстап ал» қ/о Көркем шығарма оқып беру. Еркін ойындар	«Сақина салу» қ/о Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру	«Жалауға қарай жүгір» қ/о Балықтардың суреттерін тамашалау

Серуендеу 16.55-17.55	Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру.				
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес** 17.55-18.30					

Циклограмманы толтырған тәрбиеші: :

Тексерілген күні: 10.07.2023ж

Циклограмманы тексерген әдіскер: А.А.Садуакасова _____

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Шілдеайы 2022-2023 оқу жылы 3 апта

Білім беру ұйымы:
«Жүрсінай» бөбекжай
Топ: «Аққөгершін», «Қарлығаш» ересек топтары
Балалардың жасы:4 жас **17.07-21.07.2023 ж**

Апта күндері	**Дүйсенбі** күні 17.07	**Сейсенбі** күні 18.07	**Сәрсенбі** күні 19.07	**Бейсенбі** күні 20.07	**Жұма** күні 21.07
Таңертеңгі қабылдау 08.00-08.55 **Таңғы жаттығу** 08.55-09.00 **Таңғы асқа дайындық Таңғы ас** 09.00-09.30	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 3- 4 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
		сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Билер.** Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. **Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: **Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Жүрсінай» бөбекжай балабақшасы ЖШС**
Топ: мектепалды топ «Нұршуақ», «Улыбка» топтары
Балалардың жасы: 5 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: шілде айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Шілде	Дене шынықтыру	**1 "Қолды жан-жаққа соз"** **2"Кел достарым, келіңдер"** **3 "Топталып өтеміз"** **4 Гүлдей жайқалайық, өсейік"** - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; - спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; - дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; - дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. **Негізгі қимылдар.**

		Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** ***Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды:*** бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). **Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. ***Велосипед, самокат тебу.*** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. ***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу. ***Судағы аэробика.*** Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау. **Спорттық ойындар.**

		Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. **Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау

		адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
	Сөйлеуді дамыту	**1"Көңілді жаз"** **2 "Гөзел Құлжабаева «Гүлдер таласы» ертегісі."** - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға,

		диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. **Сөздік қор.** Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.
	Көркем әдебиет	**1 "Жау-жау, жаңбыр""** **2 ""Жан - жануарлардың дауласуы" қазақ халық ертегісі"** **3 "С. Оспанов "Күн" (оқу)"** - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
	Қазақ тілі	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

		- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). **Байланыстырып сөйлеу.** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
	Математика негіздері	**1"Егін жинау аптасы"** **2 "Еңбек жемісі"** - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. **Геометриялық фигуралар.** Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша

		пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**1 "Жидектер"** **2 "Жәндіктер әлемі"** **3 "Көгөніс егетін адам"** **4"Ғажайып гүлдер"** - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; - Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. **Жануарлар әлемі** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

		Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. **Өсімдіктер әлемі** Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.
	Құрастыру	**1 "Карлсонға арналған тосап"** **2 "Көгөністерге арналған қорап"** - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
	Сурет салу	**1 "Әжемнің тосабы** **2"Ғарыш әлемі (балауыз мелдармен сурет салу)"** **3 "Пайдалы азықтар: жемістер мен көгөністер"** **4 "Өнер Ханшайымына" арналған натюрморт** - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).
	Мүсіндеу	**1 ""Құмырадағы гүл" тақырыптық пластилинография."**

		- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
	Жапсыру	**1 "Көңілді хоровод"** қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.
	Музыка	**1 "Астана нұры"** **2 "Ақжелкен"** **3 "Айгөлек"** **4 Ай сәулем"** музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; - шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алу. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе,

		қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. **Ән айту.** Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Билер.** Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. **Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау;

		шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: **Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Жүрсінай» бөбекжай балабақшасы ЖШС**
Топ: мектепалды топ «Нұршуақ», «Улыбка» топтары
Балалардың жасы: 5 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: тамыз айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
Тамыз	Дене шынықтыру	**1 "Епті бол!"** **2 Шеңберге бірге тұрайық"** **3"Көңіліміз тамаша!"** **4"Күннің шуағы"** - балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту; - спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту; - дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту; - дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту; - балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

		Негізгі қимылдар. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр). **Жалпы дамытушы жаттығулар.** ***Арқаға арналған жаттығулар:*** отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). **Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. ***Жүзу.*** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу. **Спорттық ойындар.** ***Бадминтон.*** Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. **Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен

		эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

		Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.
	Сөйлеуді дамыту	**1«Жеке тәжірибеден шығармашылық әңгіме құрастыру»** **2 "Тату доспыз бәріміз. (әңгіме құрату)"** - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере

		отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. **Байланыстырып сөйлеу.** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу
	Көркем әдебиет	**1 "Ыбырай Алтынсарин "Бір уыс мақта""** **2 "Абайла бағдаршам!"** **3 Төкен Айдарханов "Жанашыр"** **4""Өзімшілдің өкініші" Салиха Сәмбетова"** - коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау; Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.
	Қазақ тілі	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

		- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; - әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту. **Тілдік дамытушы орта.** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу.** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	**1 "Сандар әлемі"**

		2 "Ақтөстің Сандар әлеміне саяхаты" - танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру; - зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; - балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, обьектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; - математикалық және интелектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. **Кеңістікті бағдарлау.** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**1"Майя арасы"** **2 "Қызықты дала ойындары"** **3 "Үй жануарлары"** **4 "Менің достарым"** - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; - Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; - еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру; - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу; - экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау. **Табиғатпен таныстыру**

		Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. **Жануарлар әлемі** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.
	Құрастыру	**1"Сиқырлы орман."** **2 "Аквариумдағы балықтар"** - балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
	Сурет салу	**1 "Өнер Ханшайымына" арналған натюрморт"** **2"Сиқырлы жіп орамдары"** **3"«Менің сүйікті күшігім» (губкамен бояу)"** **4 "Қанқыздары бар түймедақтар алаңқайы (панорамды ұжымдық жұмыс)"** - өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу; - балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,

		ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.
	Мүсіндеу	**1 "Тату балалар"** - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.
	Жапсыру	**1"Балабақшаға жаз келді"** - қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
	Музыка	**1""Қызыл телпек және қасқыр" шығармасы"** **2 "Қасиетті домбыра"** **3 ""Торғай" әні"** **4""Балапан" әні"** музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу; - таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға үйрету. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. **Музыка тыңдау.** Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би)

		үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. **Ән айту.** Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Билер.** Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. **Би шығармашылығы.** Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

		Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Жүрсінай» бөбекжай балабақшасы ЖШС

«Бекітемін»
«Жүрсінай» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Ж.Д.Мынжасарова _____
2022-2023 ж



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепалды даярлық «Нұршуақ», «Улыбка» тобы

2022-2023 ж

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	**Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Жүрсінай» бөбекжай балабақшасы ЖШС**				
Топ/сынып	**Мектепалды топ**				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	**«Нұршуақ», «Улбыка»**				
Балалардың жасы	**5 жасар балалар**				
Педагогтің аты-жөні	Жумакулова А.А, Г.К.Утепова				
Жоспардың құрылу кезеңі	**01.06- 02.06.2023ж.**				
Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				**Еңбек:** отырғызылған өсімдіктерді күту (суару, қопсыту, арамшөптерден тазарту) Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге қамқорлық жасауға деген құштарлықты тәрбиелеу.	**Еңбек:** алаңды ұсақ бұтақтардан тазалау. Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, мәселені соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас

				Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
				"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: қабылдау қабілетін, түстерді ажырата білуді жетілдіру. Ойын барысы. "Кемпірқосақ" санақ құралымен таңдалады, ол ойыншыларға екі қолын екі жаққа қаратып қарсы тұрады (бүкіл ойын барысында ол өз орнында қалады). "Кемпірқосақ" түсті атайды. Ойыншылар бұл түсті өздері немесе көршілерінің	**Үстел үсті ойыны."Лото".** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. **(танымдық іс-**

				біреуінің киімінен табады (сіз басқалардың киімдерін ұстай аласыз) және осы түске қолын тигізіп, "кемпірқосақтың" қолының астынан жүгірмей өте алады. Егер ойыншыда қажетті түс болмаса және аталған түске қол тигізе алмаса, ол "кемпірқосақ" астынан тез жүгіріп өту керек. Егер "кемпірқосақ" ойыншыны ұстаса, онда ол жаңа "кемпірқосаққа" айналады және ойын жалғасады. Түзету тапсырмасы: кемпірқосақтың түстеріндегі алғашқы дыбысты бөліп көрсету. **(дене шынықтыру)** **Еркін ойын: "Үш нәрсені атаңыз".** Мақсат-міндеттер:	**әрекет)** **"Өзіңе жұп тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір-бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен,

				балалардың заттарды топтастыра білу қабілетін жетілдіру. Ойын барысы. Бір сөзбен қандай нысандарды атауға болады: гүлдер, құстар және т.б. "Гүлдер!" - дейді тәрбиеші және кішкене кідірістен кейін допты балаға лақтырады. Ол жауап береді: "түймедақ, раушан, жүгері гүлі". **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	шапалақпен, "Өзіңе жұп тап" - деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: "Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой". Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады. Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі

					бойынша өздеріне жұп таңдайды. **(дене шынықтыру)** **"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды түстер жүйесін қайталау; спектрдегі түстердің орналасуын бекіту; қабылдау қабілетін дамыту. Ойын барысы. Балалардан жауыннан кейінгі шығатын кемпірқосақты кімнің көргенін, онда қандай түстер бар екенін сұрап, ойын құралдарын тақтаға іледі, түстерді толық атын атап орналастырады.
Таңертеңгі жаттығу	Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені.				

	1."Жіпті соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау. 3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу. 2. "Бұрылу" жаттығуы.				
Таңғы ас				**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақпен және ортаңғы саусағыңызбен ұстап, үстіңгі жағынан сұқ саусағыңызбен ұстау. Шеберлікті шыңдаңыз: майды нанға пышақпен жағу. *Көркем сөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі – жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз – түсте де. Су - тіршілік негізі,	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: екінші тағамды жеу қабілетін нығайту; майлықты қажетіне қарай қолдану қабілетін жетілдіру. *Көркем сөз* Хош иісті сабынның, Көбігіне малынып. Қолымызды жуамыз, Барлық кірден арылып. Көкөністі жуып жеп, Қайнаған су ішеміз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)**

				Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен - көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)**	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				**Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: нәтижелі ойлау және әрекет етуге дағдыландыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге машықтандыру; сыни ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған				**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Сиқырлы тон" қазақ халық	**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу.** "Жаз келді алақай!"

іс-әрекет				ертегісі. Мақсат-міндеттер: Балаларға қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру; өз пікірлерін ашықта, еркін жеткізе білуге үйрету; ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын, тілін дамыту; алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Балақан да алақан" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттер: Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; спорттық ойындар арқылы кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру дағдыларын дамыту. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақ жолымен" Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдеріне

				Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ" жаттау. Шәймерген Әлдибекұлы. Мақсат-міндеттер: Балаларды көркем шығарманы мұқият тыңдауға; қойылған сұрақтарға жауап беруге; сұрақтар қоя білуге үйретуді жалғастыру; өлеңді мәнерлеп айта білу қабілеттерін әрі қарай жалғастыру; есту, қабылдау, есте сақтау қабілетін дамыту; ойлау қабілеттерін дамыту: талдау, синтез, жинақтау; монологтық сөйлеуді дамыту; көркем шығармаларға деген қызығушылықты тәрбиелеу; ұжымда жұмыс істеуге үйрету; достарына	тән белгілерді, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау , берілген дыбысқа арналған сөздер ойлап табуға, жалпылау мен жіктей білу дағдыларына жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті доғалар" Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс тәсіл «дымқыл» бетте сурет салумен таныстыру; акварель бояуын қолдану дағдыларын бекіту;

				қамқоршы болуға тәрбиелеу.	өз түсінгендерін, әдемі құбылыстарды түрлі бейнелеу құралдарымен, шығармашылық таныта отырып суреттеу біліктіліктерін дамыту; сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)**				
Серуен				**Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауға үйрену.	**Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балаларды құбылыс - бұршақпен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту:

				Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейміз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда	бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - бұл табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады. Экологиялық міндет: судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау. *Көркем сөз* Ақсың, сұрсың

				болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады. *Көркем сөз* Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. **"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу	қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. **"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды"

				қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен	санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады: - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары

				мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. **Еңбек:** алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. **Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м). **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ұшу ауқымын дамыту. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.	қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. .
Серуеннен оралу					

Түскі ас				**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. *Көркем сөз* Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру. *Көркем сөз* Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Күндізгі ұйқы	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары				Әр баланың көңіл-күйін көтеріңіз, сөздермен ояту. **Көркем сөз** Ұйқымыздан тұрайық, Көзімізді ашайық. Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға	Төсек жапқышын ауыстыруға қатыстыру: таза жайма салу, таза жастық қапшықты ауыстыру. **Көркем сөз** Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға

				басайық! **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**	кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				**"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Ойын барысы. Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Сазбалшықтан жасалған «Ат» Дымково ойыншығы". Мақсат-міндеттер: Дәстүрлі халық өнерінің иесі ретінде Дымково жердімекен ойыншығымен таныстыру; ойыншықтың пайда болуы туралы, эстетикалық ерекшеліктері туралы таныстыру; балалардың танымдық

				бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала) т.б. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **Еркін ойын: "Дауысынан таны".** Ойын барысы. Шеңберде тұрған ойыншылардың бәрі ортаға шығып көзін байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны:	белсенділігін және шығармашылығын, көзбен өлшеуін, ұсақ қол маторикасын, нсте сақтау қабілетін дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу. **(шығармашылық іс-әрекет)** **"Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қассиетіне қарай-қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ,

				"Секір,секір" деген кім, білгіш болсаң таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, сол орынды ала ғой, деген өлеңді айтып, шеңберді айнала жүгіреді. "Секір, секір" деген сөзді мұғалім белгілеген оқушы айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, "секір" деп айтқан баланы табуға тырысады. Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді. **(дене шынықтыру)**	ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **Еркін ойын: "Күн мен түн".** Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Балалар бірі "Күн", екіншісі "Түн" тобы болып екіге

					бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші "Күн" деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. **(дене шынықтыру)**
Балалармен жеке жұмыс				**"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын	**"Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа сөздермен

				кеңейту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	толықтыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен				**Бұлттарды бақылау. Жаңбыр қалай пайда болады? (жалғасы). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту. - Неліктен жаңбыр жауып тұр? - Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Жұмбақ Жабағыны ұшырдым, Жерге моншақ түсірдім. (Жаңбыр) **Еркін ойын:**	**Найзағайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсаты: балаларды ауа-райының жағдайы, найзағайдың жақындау белгілері (қараңғы аспан, қара бұлт, найзағай, тыныштық және т.б.) бойынша анықтауға үйрету. Экологиялық міндет: найзағайдың жақындауының жәндіктер мен құстардың мінез-құлқына әсерін көрсету. *Көркем сөз* Найзағай оты жарқылдап,

